

# **«Алау» әскери-спорттық ойынының республикалық ақтық кезеңін өткізу ережелері**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже «Алау» әскери-спорттық ойынының Республикалық ақтық кезеңінің (бұдан әрі - Ойын) мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Ойынның мақсаты: өскелең ұрпақты қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу және олардың азаматтық сана-сезімін қалыптастыру.

3. Ойынның міндеттері:

ойын әрекеті негізінде оқушылардың бастамашылдығын және дербестігін дамыту;

салауатты өмір салтын қалыптастыру және қолданбалы спорт түрлерін насихаттау;

өңірлерде өскелең ұрпақты патриоттылыққа тәрбиелеу бойынша жұмыстарды жетілдіру және белсендіру;

Командалар арасында ынтымақтастық пен достықты нығайту.

4. Ойынды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы (бұдан әрі - РҚББОӨО) өткізеді.

5. РҚББОӨО ұйымдастыру комитетін және төрешілер алқасының құрамын қалыптастырады.

## **2. Ойынға қатысу шарттары**

6. Ойынға жалпы орта білім және балаларға қосымша білім беру ұйымдардың командалары – облыстардың, Астана және Алматы қалаларының іріктеу турларының жеңімпаздары қатысады.

7. Команда 7-8 сыныптардың 9 білім алушыларынан (1999-2000 жылдары туылған 6 ұл, 3 қыз бала) және бір жетекшіден құралады.

8. Балалар мен жетекшінің Ойынға қатысу үшін жолданатыны туралы білім басқармасының бастығы бұйрығының көшірмесін Команда жетекшісі тапсырады.

9. На руководителей команд возлагается ответственность за безопасность жизни и здоровья участников в пути следования к месту проведения Игры, во время ее проведения и обратного пути к месту жительства.

9. Ойынды өткізу жеріне бару жолында, оны өткізу кезінде және тұрғылықты жеріне кері қайту сапарында қатысушылардың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігі үшін жауапкершілік команда жетекшілеріне жүктеледі.

10. Ойынға қатысушылардың барлығында:

туу туралы куәлігі;

оқу орнынан суреті бар және білім мекемесінің мөрі басылған анықтама;

емдеуші дәрігердің қолымен және мөрімен бекітілген дене жүктемелеріне рұқсат берілген денсаулық жағдайы туралы анықтама;  
медициналық сақтандыру (ойынға қатысу кезінде міндетті);

парадтық киім үлгісі: салтанатты (сол жеңінде эмблема мен ерекшелік белгісі бар), далалық және спорттық форма (суға түсуге арналған киім және бас киім т.б);

жеке гигиена бұйымдары болуы тиіс

11. Әрбір команда облыстың және команданың аты жазылған (өлшемі: ұзындығы – 65 см, ені – 35 см, сабы– 40 см) тақтайша алып келуі тиіс.

12. Ойынның финалына қатысуға өтінім 2014 жылғы 4 маусымға дейін 8(7172)445-338 факс немесе [ypn.rumcdo@mail.ru](mailto:ypn.rumcdo@mail.ru) электрондық пошта арқылы қоса тіркелген үлгіге сәйкес қабылданады.

### **3. Ойынды өткізу уақыты**

13. Ойынның ақтық кезеңі Ақмола облысының Щучинск қаласында Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Шоқан Уәлиханов атындағы Кадет корпусының базасында 2014 жылғы 24-27 маусым аралығында өткізіледі.

14. 23 маусым – командалардың келу күні, Ойынға қатысушыларды орналастыру, тіркеу, күтіп алу.

15. 24 маусым - Ойынның салтанатты ашылуы. Саптық байқау. Ұлы Отан соғысы кезіндегі «Ерлікке жүрекпен ұмтылу» өлеңімен патриоттық өлеңдердің қойылымдардың байқауы.

16. Біріктірілген эстафета бойынша командалық жарыс және 25-26 маусым «Атамекен» бағдарламасы бойынша өлкетану-зерттеу жұмыстарын ұсыну.

17. 27 маусым – атыс даярлығы бойынша командалық жарыс. Бурабай өлкесіне экскурсия. Ойынның салтанатты жабылуы. Жеңімпаздарды марапаттау. Көркем өнерпаздардың концерті.

18. 28 маусым - Ойынға қатысушылардың кері қайту күні.

### **4. Ойынның өткізілу тәртібі**

19. Саптық байқау. Команданың барлық мүшелері қатысады. Сыртқы пішіні, бөлімше құрамында бір орында тұрып саптық әдістердің орындалуы және қарусыз қозғалыста саптық әнді салтанатты қадыммен орындап өту тексеріледі.

Төрешілер алқасы команданы 5 балдық жүйемен бағалайды.

Пәрменнің мемлекеттік тілде берілуі міндетті болып табылады.

20. «Ерлікке жүрекпен ұмтылу!» Ұлы Отан соғысы кезіндегі патриоттық әндер қойылымының байқауы. Байқауға команданың барлық мүшелері қатысады. Конкурсақа қатысушылар музыкалық және көркемдік шеберліктерін реквизиттер қолдану арқылы көрсетуі қажет.

Біріншілік мына критерийлер бойынша анықталады: вокалдық және актерлік шеберлік; қойылым, костюмдер және реквизиттер.

Төрешілер алқасы командалардың көрсетілімдерін 5 балдық жүйемен бағалайды.

21. Біріктірілген эстафета. 2 кезеңнен тұрады.

1-кезеңде командадан 4 ұл және 2 қыз қатысады. Жүзу жолының ұзындығы – 25 метр. Суға жүзу эстафета түрінде орындалады.

Айып: екі фальстарттан кейін команда жарыстан алынады.

2-кезең: турникке тартылып, бүгіліп жаттығу жасау. Команданың барлық мүшелері қатысады, ұлдар турникке тартылады, ал қыздар – жаттығуды етпетінен (кілемшеде) жатып жасайды. Командалар арасындағы біріншілік тартылу санына қарап анықталады (орташа есеппен).

22. «Атамекен» өлкетану-зерттеу бағдарламасы бойынша байқау.

Әрбір команда өздерінің альбомдарын, мұқабаларын және видеофильмдерін ұсынады. 2013-2014 оқу жылында «Сөнбес жұлдыздар», «Асыл мұра» және «Ардагер» бағыттары бойынша өлкетану-зерттеу жұмыстарын, сонымен қатар 2 жауынгерлік парақта ойын жарысының кезеңдерін орындау барысында ең қызық эпизодтарды көрсету қажет. Ұзақтығы – 10 минуттан артық емес.

Біріншілік мына критерийлер бойынша анықталады: ізденістің әр түрлілігі, өлкетану-зерттеу жұмысының нәтижелілігі, ресімдеудің қарапайымдылығы және эстетикасы, жауынгерлік парақ мазмұнының әзіл түрінде мазмұндалуы.

23. Атысқа дайындық. 1 ұл және 1 қыз қатысады.

Жаттығудың шарттары: мақсат – №8 нысана, мақсатқа дейінгі ара қашықтық – 10 метр, оқтың саны – 3-і сынап көру және 5-і сынақ үшін, ату талабы – тіреліп отырып ату, қару – пневматикалық винтовка.

Жеңімпаздар нысанаға тигізу ұпайы бойынша анықталады.

## **5. Марапаттау**

24. Ойын жеңімпаздарын төрешілер алқасы анықтайды.

25. Көп ұпай санын жинақтаған командалар бірінші, екінші және үшінші орындарға ие болады.

26. Ойынның жүлделі орындарына ие болған жеңімпаз командалар дипломдар және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

27. Барлық Ойынға қатысушыларға сертификаттар беріледі.

## **6. Қаржыландыру**

28. Ойынға қатысушылардың іс сапар шығыстарын, барып-қайту жол ақысын, тәулік бойғы жолдағы тамақтану шығыстарын жіберуші тарап қамтамасыз етеді.

29. Ойынды ұйымдастыруға, өткізуге, қатысушылардың жатын орны мен тамақпен қамтамасыз етуге қажетті қаржы шығыстары Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы есебінен іске асырылады.

**«Алау» әскери-спорттық ойынының Республикалық ақтық кезеңіне қатысуға ӨТІНІМ**

Мекеме \_\_\_\_\_  
(толық аталуы, мекен-жайы, телефон, факс)

Команданың \_\_\_\_\_ аталуы

Команда \_\_\_\_\_ жетекшісі

(аты-жөні)

Команда жетекшісінің байланыс телефондары

**Қатысушылар тізімі**

<b>№ р/р</b>	<b>Аты-жөні, тегі. (толығымен)</b>	<b>Туған күні</b>	<b>телефон</b>	<b>Дәрігер рұқсаты</b>
1				
2				

**Ескерту:** команда жетекшілері Ақмола облысы Щучинск қаласына ойынға қатысушылардың келу күнін (вагон, поезд №) және уақытын алдынала жоғарыда көрсетілген факс немесе электрондық пошта бойынша хабарлауы қажет.

Ойын ұйымдастырушылары командаларды темір жол көлігінен және сапаржайдан күтіп алуды қамтамасыз етеді.

Приложение 1